

8D01401 – «Музыкалық білім» / 8D01402 – «Музыкалық орындаушылық және педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындаған Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбында диссертациялық зерттеуіне бейресми рецензенттің

ПІКІРІ

Қазіргі музыкалық білім беру жүйесінде шығармашылық еркіндік пен кәсіби шеберлікті ұштастыра отырып оқыту – уақыт талабы. Осы тұрғыдан қарағанда ұсынылып отырған диссертациялық еңбек өзектілігімен, ғылыми-практикалық мәнімен және мазмұндық тереңдігімен ерекшеленеді. Автор еңбегінде вокалды оқытудың дәстүрлі қағидаттарын сақтай отырып, оны жаңа қырынан – креативтілікке баулу, стильдік әртүрлілікті меңгерту, көркемдік интерпретация мен музыкалық еркіндікті дамыту бағытында қарастырған. Бұл еңбек тек кәсіби білім беру саласына ғана емес, жалпы музыкалық-педагогикалық тәжірибеге тың серпін әкелетін құнды зерттеу болып табылады.

Жұмыстың басты ерекшелігі – автордың вокалды оқытуды қалыпты жаттығулар аясында ғана емес, студенттің көркемдік ойлауын, орындаушылық дербестігін және шығармашылық интуициясын қалыптастыратын күрделі әрі біртұтас процесс ретінде зерделеуі. Зерттеудің өзегіне айналған креативтілік ұғымы интерпретация, эмоциялық ойды жеткізу, импровизация және стильдік ізденіс секілді кәсіби компоненттермен ұштасып, нақты әдістемелік негіздер арқылы дәйектелген.

Автор вокалдық интерпретацияны тек ноталық дәлдікпен немесе техникалық шеберлікпен шектемей, музыкалық шығарманың ішкі философиясын ұғыну, идеялық мазмұнын сезіну, тыңдаушыға әсер ету сияқты көркемдік міндеттермен байланыстырады. Өн айтудағы эмоция еркіндігі, образдың шынайылығы, сахнадағы сенімділік – вокалдық өнердің биік сатысына жетелейтін факторлар ретінде қарастырылып, осыған орай арнайы жаттығулар мен репертуарды таңдау тәсілдері ұсынылған. Мұндай әдістер студенттің өзіндік музыкалық мәнерін қалыптастыруға, орындаушылық стилін жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеуде ұсынылған құнды әдістердің бірі – импровизацияны креативтілікті дамытудың пәрменді құралы ретінде қарастыруында. Автор музыкалық ой еркіндігін жетілдіретін жаттығуларды, тыңдауға негізделген интуитивті әрекеттерді ұсыну арқылы студентті орындаушы ғана емес, шығармашылық ой иесі ретінде қалыптастыруға бағыт береді. Бұл – дәстүрлі педагогикада сирек кездесетін жаңашыл қадам.

Сонымен қатар, репертуарды тарихи-кезеңдік негізде қарастыру тәсілі де еңбектің ғылыми-әдістемелік салмағын арттыра түседі. Көне ариялардан бастап қазақ халық әндері мен отандық, шетелдік композиторлардың шығармаларына дейін қамтылған репертуар студенттің түрлі стильдерге

бейімделу қабілетін жетілдіріп, орындаушылық мәнерін байытады әрі тарихи-мәдени ойлауын дамытады. Әрбір кезеңге тән вокалдық ерекшеліктерді практикалық тұрғыда түсіндіру арқылы студент нақты стильдік ортада жұмыс істеуді меңгеруге бағыт алады.

Автор ұсынған әдістемелік кешен практикалық тұрғыдан да тиімділігімен құнды. Ол студенттердің даралық қабілеттерін сақтай отырып, шығармашылық еркіндікті де, техникалық сауаттылықты да қатар ұстауға бағытталған. Бұл әдістеме тек музыкалық білім бакалаврлары үшін ғана емес, кәсіби орындаушыларды, соның ішінде болашақ опералық және камералық әншілерді даярлауда да нәтижелі қолдануға болатын әмбебап құрал ретінде бағаланады. Әсіресе әдістемені «Камералық ән салу», «Камералық класс», «Сахнада өзін-өзі ұстау мәдениеті» және т.б. пәндерінде тиімді пайдалануға болатыны айрықша атап өтуге тұрарлық.

Қорыта айтқанда, диссертациялық жұмыс ғылыми тұрғыдан негізделген, педагогикалық-практикалық құндылығы жоғары, заманауи музыкалық білім беру талаптарына толық жауап беретін зерттеу болып табылады. Автор дәстүрлі вокалдық оқыту қағидаттарын сақтай отырып, оны жаңа бағытта дамытуға ұмтылған. Сондықтан бұл еңбек тек ғылыми дәреже алу үшін жазылған диссертациялық жұмыс емес, жалпы қазақ вокал педагогикасына тың серпін беретін іргелі зерттеу деп сеніммен айтуға болады.

**КСРО халық әртісі,
Социалистік еңбек ері,**

**КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
профессор**

Растаймын:	ҚКЕ бөлімінің жетекшісі Құрманғазы атындағы ҚКК
Заверяю:	Руководитель ОДО КНХ им. «Құрманғазы»
Қолы	
Подпись	

Б.А. Тулегенова